

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

жасатуға рұқсат етілмейді. Бұл ислам заңнамасына сәйкес күнә болып табылады. Бұл мерзімде түсік жасату тек қана ана өміріне қауіп төнетіні анық болған жағдайда ғана рұқсат.

• **40 (қырық) күн.** 40 күнге дейінгі мерзімде ерлі-зайыптылардың өзара шешімдерімен түсік жасатуларына рұқсат.

• **40 күн мен 120 күн арасы.** Бұл мерзім аралығында тек мына екі жағдайда ғана түсік жасатуға рұқсат етіледі.

• Бала көтеру ана денсаулығына елеулі зардап алып келетіні білікті дәрігерлер тарапынан анықталып, сол зардап босанғаннан кейін де жалғасын табатындығы нақтыланса;

• Іштегі баланың емделуі мүмкін болмаған, дүниеге келген сәтінде кемтар болып туылатыны білікті дәрігердің тарапынан нақтыланған болса.

Ханафи мәзһабының көрнекті ғалымы Ибн Абидин ешбір себепсіз баланы түсіруге рұқсат жоқ деген. Ол өз сөзінде: «Оны (бала түсіруді) халал деп айтпаймын. Өйткені мухрим (қажылық парызын өтеп жүрген адам) құстың жұмыртқасын жарса құнын төлейді. Ал жұмыртқа құстың негізі. Егер жұмыртқаны жарғанына жаза қолданылса, онда себепсіз түсірілген баланың жағдайы одан кем емес (яғни, күнәға батады).

Әрбір түйіткілді мәселенің ұтымды шешімін қарастыратын ислам дінінің ғалымдары түсік жасату мәселесіне тоқталған кезде, медициналық тұжырымдарды да ескере отырып ортақ шешім шығаруға мүдделі екенін аңғарамыз. Адамның жаны медициналық яки ислами көзқарастарда да алдыңғы орындағы маңызды мәселе екені айқын дәлелдермен бекітілді. Осы жағынан алып қарағанда ислам діні мен заманауи медицинаның өзара үйлесімділігі бар екенін байқауға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қанат Қалымбет, Трансплантация. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2022. – 120 б.
2. Бек Ж.А., Исламдағы биоэтика мәселелері. – Астана: Мастер По ЖШС, 2015. – 218 б.
3. Әкімханов А.Б., Анарбаев Н.С., Құран кәрім. Қазақша аударма. – Алматы: ЖСШ РПБК «Дәуір» баспасы, 2021. – 624 б.
4. Имам Науауи, Әрбағунан- Науауи. – Дамаск: Фаусани баспасы, 2010. –168 б.
5. <https://islam.kz/kk/questions/meditsina/qandai-jagdaida-sharigat-tusik-abortion-jasatuga-ruqsat-beredi-472/#gsc.tab=0>

АОЖ 297.1

### **ДІНИ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ АҒЫМДАР МЕН ҚОЗҒАЛЫСТАР**

**Шайзада Ақерке Асхатқызы**

[aqerkeee@gmail.com](mailto:aqerkeee@gmail.com)

Дінтану бакалавры Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Смагулов М.Н.

Ақпарат адамзат прогресінің әмбебап құралы, қазіргі қоғам дамуының басты ресурсы болып табылады. Адам үшін ақпарат танымның қуатты құралы ретінде қызмет етеді, оның көмегімен ол әлемді және өзін өзгертуге тырысады. Алайда, көбінесе бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын ақпараттық технологиялар адамның қажеттіліктерін, көзқарастарын, әлеуметтік бағдарын осы БАҚ-қа иелік ететіндердің – биліктің, белгілі бір саяси күштердің, коммерциялық ұйымдардың және т.б. мүдделеріне өзгерту үшін әсер етеді. Осындай ақпараттық әсермен адам психикасының деформациясы пайда болады, ол оның санасына ғана

емес, сонымен бірге бейсананың аймағына да әсер етеді. Тұлға біртіндеп өзінің даралығын жоғалтады және бір топқа бағына санасы уланады. Ол әлсіз, мойынсұнғыш, оңай басқарылады. Жақсылық пен жамандықтың өлшемдері өзгереді. Қатыгездік пен зорлық-зомбылық нақты өмірдің күнделікті атрибуттарына айналады.

Олвин Тоффлердің «Future shock» кітабында экспоненциалды түрде ақпаратпен қатар, жаңашылдық пен таралу жылдамдығының артуы туралы және адам психикасының қоршаған ақпарат көзінің бүкіл массивін қабылдауда шектеулі екендігі туралы айтылады. Сондықтан адамдар арнайы субмәдени қауымдастықтардың бір мүшесі болуға тырысады.

Постиндустриалды қоғам ақпараттық және мәдени байланыстарды қарапайым, бірақ заңды және мақсатты көзқарас ортасын белгілі бір шеңбер аясында өз азаматтарын ұстай отырып, өзге қоғам орталарына еруге жағдай жасайды. Мысалы: панктер, рокерлер, саяси партиялар және т.б. Соның бірі тоталитарлық қозғалыстар.

Тоталитарлық қозғалыстар – қызметі қоғам мен мемлекетке қауіп төндіретін, әртүрлі нысандарда (мәдениеттану, коммерциялық, ғылыми, білім беру, қоғамдық, денсаулық сақтау, ағарту және психотерапевтік) әрекет ететін діни немесе жалған діни ұйымның ерекше түрі. Қозғалыстар басқарудың авторитарлық әдістерімен, ұйым мүшелерінің адам құқықтарын, оның ішінде жеке өмірде және қаржылық салада шектеулермен сипатталады. Әрбір осындай топтың өзіндік ритуализмі, өзіндік символикасы, өзіндік ережелері, жазалар мен бұйрықтардың өзіндік жүйесі бар. Алайда, тоталитарлық қозғалыстар рокерлерден, металисттерден және т.б.-лардан айырмашылығы, оларды құру кезінде қозғалыстың сандық және мүліктік өсуіне жағдай жасайтын ұсыныс, бағдарламалау әсерінің барлық әдістері мақсатты түрде қолданылады.

Қандай да бір түбегейлі мағынада тоталитарлық қозғалыстардың құрылымы мен даму динамикасы қоғамның мүліктік және саяси стратификациясының бүкіл тарихын қарабайыр және теріс түрде жаңғыртады, бұл кез келген өркениеттің қалыптасу процесін сөзсіз сүйемелдейді.

Қазіргі қозғалыстар мен ағымдарда әртүрлі психологиялық әдістер мен әсер ету әдістері, соның ішінде манипулятивті ұсыныс қолданылады. Төменде көптеген қозғалыстар пайдаланатын психологиялық әдістер көрсетілген.

Сананы бақылау (заңсыз әсер ету, ойды реформалау, бағдарлау) – бұл психика мен мінез-құлықты саналы түрде зорлықпен басқару, басқа адамды белгілі бір әрекеттерді (манипулятордың пайдасына) жасырын түрде жасауға итермелеу арқылы бір жақты жеңіске жету үшін психологиялық әсер ету.

Л. Штамм қозғалыс мүшелерінің зорлық-зомбылық индоктринациясындағы келесі кезеңдерді анықтайды:

1. Арбау кезеңін қозғалыстың ықтимал мүшесін интуитивті сезінетін адамдар жүзеге асырады. Бұл кезеңде адамның эмоционалды тұрақсыздануы және қарама-қайшылықтардың шатасуы орын алады;

2. Ілімге кіріспе ұсынылған доктринаның негізгі ережелерін баяндаудан тұрады. Бұл кезеңнің негізгі міндеті – жалданған адамды жарияланған идеологияға, рәсімдердің мағынасын түсіндіре отырып, психологиялық байлау;

3. Топпен байланыстың артуы адамның бұрынғы «тамырларымен» үзілуінде көрінеді;

4. Сыртқы әлемнен оқшаулану және ағым немесе қозғалыс мүшелерімен белсенді өмір сүру;

5. Тәуелділіктің күшеюімен, сананы бақылаумен және тұлғалық сәйкестік сезімімен ағым немесе қозғалыстың ілімдерін ұстануды күшейту.

Жалпы діни зорлық-зомбылық – бұл дін агрессивті мінез-құлықтың субъектісі немесе объектісі болып табылатын әлеуметтік құбылыс. Діни зорлық-зомбылық, атап айтқанда, діни өсиеттерге, мәтіндерге немесе ілімдерге негізделген және діни ұйымдарға, адамдарға немесе

заттарға қатысты зорлық-зомбылықты қамтиды. Діни зорлық-зомбылық тек діни топтар жасаған әрекеттерге ғана қатыста емес, сонымен қатар, зайырлы топтардың діни топтарға қатысты жасаған әрекеттерін де қамтиды. Сондай-ақ, діни зорлық-зомбылық тек ұжымдық ғана емес, жеке де болуы мүмкін.

Деструктивті қозғалыстар жаңа әдістер мен қолайлы жағдайды қарқынды қолданады, олар өздерінің ұжымдық іс-шараларына ықтимал қабылдаушыларды бірден тартуға тырысады: семинарлар, жиналыстар, қызметтер және т.б. Мысалы, Шри Чинмой тобының эмиссарлары адамдарды тегін медитацияға немесе рухани музыка концерттеріне, дианетика орталықтары мен «хаббард-колледждеріне» шақырады. Сайентология - отбасы мәселелері және «Шынайы Махаббат философиясы» семинарларына шақырады.

Діни зорлық-зомбылық орын алған келесі қозғалыстар: «Бірігу шіркеуі», «Сайентология шіркеуі», «Харе Кришна», «Трансценденталды медитация», «Раджниш», «Лайфспринг», «АУМ Синрике», «Ақ ағайындар», «Мариандық шіркеуі», «Соңғы өсиет шіркеуі», «Шри Чинмой», «Құдай балалары», «Сатана шіркеуі» және т.б.

Соңғы уақыттары әлем бойынша деструктивті, тоталитарлық топтардың әсерінен жапа шегіп жатқан адам саны өсіп келуде. Қазіргі уақытта адам санасын басқару, оны улау тәрізді әдістер қандай салада болмаса орын алып отыр. Соның ішінде деструктивті, тоталитарлық топтар бұл әдіс түрлерін кері, яғни өз пайдасына игеруде. Көптеген деструктивті топтар мен тоталитарлық топтар ХХ ғасырда кеңінен адам санасын улау, адам санасын бақылау, «brainwashing» әдісін және «bite» моделі атты психологиялық әдістерді қолдануда. Бұндай психологиялық арбау әдістері индивидтің жеке бас құқығын бұзу, адам санасын басқару, жақындарынан, қоғамнан байланысын алшақтату мақсатында жүреді. Деструктивті, тоталитарлық топқа мүше болған индивид әрдайым физикалық әрі психикалық қысымға ұшырайды, толыққанды тамақ пен ұйқының болмауына қарамастан күніне 15-18 сағатқа дейін жұмыс жасайды. Яғни қаржылай, жеке, қоғамдық ресурстардан толығымен айырылады. Ал ең бастысы бұндай теріс іс-әрекеттер арқылы қылмыстық бағытқа итермелеп, өз-өзін өлтіруге дейін алып келуде. Бұған жаппай суицид жасаған Аум Синрике, Құдай балалары, Сатана шіркеулерін атап кетсек болады. Бұл орын алып жатқан жағдайлар тек адам санасына ғана қауіпті бола қоймай, сондай-ақ қоғам, мемлекет үшін қауіп зор.

Жоғарыда аталып кеткен психологиялық қысымның қауіптің алдын алу мақсатында қоғам мен мемлекет тарапынан деструктивті мен тоталитарлық топ жайында түсінік қалыптару, жұмыстары жасалу маңызды болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Николай Орел. «Психологические механизмы влияния тоталитарных групп на личность: профилактика и преодоление зависимости».
2. Сулейманов Тимур Михайлович. «Психологическое насилие в современных сектах и культах».
3. Дворкин А.Л. «Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования».
4. Wellman, Jemas; Tokuno, Kyoko. Is Religious Violence Inevitable? \\Journal for the scientific study of religion.
5. Миссия \ред. Маккин Р. Және Маккин К.М. 1998. Б.10